



«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Жыл сайынғы стандартты ақпараттандыру аясында «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 102-бабы 3-тармағының талабына және «Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (отырыстың 2021 жылғы 10 наурыздағы № 14 хаттамасы) бекітілген Рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелеріне 1-қосымшаның 3-кестесінің 9-тармағына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру арқылы Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында қабылданған шешімге (2024 жылғы 9 желтоқсандағы № 51 хаттама) сәйкес бір жай акцияға 9,57 теңге көлемінде 2023 жыл қызметінің қорытындылары бойынша Банктің жай акциялары (ISIN KZ000A0LE0S4) бойынша дивидендтер төлеу аяқталғаны туралы хабарлайды.

2024 жылғы 10 желтоқсан басындағы (00 сағат 00 минут) жағдай бойынша (Алматы қаласының уақыты бойынша) дивидендтер алуға құқығы бар акционерлер тізіміне сай төленуі тиіс Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер сомасы 104 202 674 858,04 теңгені, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша – 29 493 521 164,80 теңгені құрады.

Банктен дивидендтер төлеу үшін немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде өзекті деректемелері бар Банк акционерлеріне нақты төленген дивидендтер сомасы 2024 жылғы 12 желтоқсаннан бастап (дивидендтерді төлеу басталған күн) 2025 жылғы 9 наурызға қоса алған күнге дейін 103 939 968 261,69 теңгені, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша – 29 493 521 164,80 теңгені құрады.

Есептелген, бірақ акционерлердің өзекті деректемелерінің болмауына байланысты төленбеген, жалпы сомасы 262 706 596,35 теңге дивидендтерді Банк 2025 жылғы 14 наурызда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-да (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ашылған шотқа аударды.

Сонымен Банк акционерлері Банк өзінің жай акциялары бойынша есептеген, бірақ акционерлер ала алмаған дивидендтерді алу үшін Орталық депозитарийге келесі мекенжайлар бойынша:

050040/A15P5B5, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8 үй, 163-тұрғын емес үй-жай (байланыс телефоны: +7 727 355 47 60, +7 727 262 08 46);

немесе қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Орталық депозитарийге трансфер-агент қызметін көрсететін «Қазпошта» АҚ кеңселеріне өтініш білдіруі қажет.

Ұқсас ақпаратты келесі сілтемелер арқылы табуға болады:

https://kase.kz/files/emitters/HSBK/hsbk_relizs_300724_kz.pdf

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселелері жөнінде қосымша ақпарат алу үшін акционерлер Топ капиталын басқару департаменті қызметкерлерінің +7 727 330 12 07, +7 727 244 76 94, +7 727 259 03 04, + 7 727 330 15 46, +7 727 259 05 99 байланыс телефондары бойынша хабарласуы қажет.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ